

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығының негіздері

Дәріс сұрақтары:

1. Әкімшілік құқық: түсінігі, пәні, дерек көздері, әдістері.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық: түсінігі, құрамы.
3. Әкімшілік жауаптылық: түсінігі, түрлері.

Әкімшілік құқық - мемлекеттік басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының саласы.

Әкімшілік құқық мәні атқарушы өкімет органдарының (Үкімет, министрліктер, әкімдер және басқалар) мемлекеттік басқару аясында өз міндеттері мен қызметтерін тікелей жүзеге асыруына байланысты қоғамдық қатынастардың жиынтығын құрайды.

Әкімшілік құқықтың негізгі мақсаттары:

- 1) Мемлекеттік әкімшіліктің тиімді қызметіне жағдай жасау;
- 2) Азаматтардың, мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) Жүзеге асырылуы атқарушы билікпен байланысты азаматтардың, олардың бірлестіктерінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жағдай жасау;
- 4) Экономиканы дамытуға жағдай жасау;
- 5) Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- 6) Азаматтарды және қоғамды мемлекеттік әкімшіліктің өзіндік билігінен, немқұрайдылықтан және билікті заңсыз пайдалануынан сақтауды қамтамасыз ету.

Қоғамдық және мемлекеттік басқарудың өкілетті органдары, сондай-ақ әкімшілік соттар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген шараларды қолданылады. Әкімшілік құқық іс жүзінде құқықтық реттеудің барлық әдістемелерін пайдаланады. Әкімшілік-құқықтық нормалар мен қоғамдық қатынастарға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді әдістеме деп түсінеміз.

Әкімшілік-құқықтық әдістерге мыналар жатады:

- тапсырма беру** – бұл субъектінің әкімшілік құқықпен белгіленген қандай да бір нақтылы әрекетті жасау міндеті;
- рұқсат ету** – бұл құқық шеңберінде субъектіге қандай бір әрекет жасауға немесе өз қалауы бойынша оны жасаудан қалыс қалуға рұқсат беру;
- тыйым салу** – бұл заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасауға тыйым салу.

Әкімшілік құқықтың жүйесі дегеніміз
– мемлекеттік басқару саласындағы
қоғамдық қатынастарды реттейтін
әкімшілік-құқықтық нормалардың
реттелген жиынтығы. Әкімшілік құқық
жүйесі жалпы және ерекше бөлімнен
тұрады.

Жалпы бөлімге мемлекеттік басқару жүйесіне жалпы сипаттама беретін әкімшілік құқықтың негізгі институттарын құрайтын нормалар жатады.

- Бұлар:** - мемлекеттік басқарудың негізгі қағидалары,
-әкімшілік құқық субъектілерінің әкімшілік құқықтық мәртебесі,
- мемлекеттік басқару нысаны мен әдістері,
-әкімшілік құқықтық жауаптылық,
-әкімшілік іс жүргізу тәртібі,
-мемлекеттік басқарудағы заңдылықты сақтау тәртібі.

Ерекше бөлімде әр сала бойынша басқару органдары, олардың нақты атқаратын функциялары туралы айтылады.

- Бұлар:**
- сыртқы істерді басқару,
 - ішкі істерді басқару,
 - әділетті басқару,
 - қорғанысты басқару,
 - денсаулық сақтауды басқару,
 - білім беруді басқару,
 - көлік және коммуникацияны басқару, т.б.

Әкімшілік-құқықтық нормалар – бұл мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез-құлықтың мемлекет белгіленген жалпыға міндетті ережелері. Әкімшілік-құқықтық нормалармен тиісті мінез-құлықтың белгілі бір нұсқасы беріледі, яғни нормаларда көзделінген шарттарды сақтау кезінде ерік беріледі, яғни белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

Әкімшілік құқықтық нормалардың алдына қойған міндеттері:

- мемлекеттік басқару жүйесінің әр түрлі бөлімдерінің өзара қатынасын реттеу және жөнге салу;
- басқару функцияларына ие субъектілер мен оларға бағынышты, объектілердің заңды талаптарын орындауға қатысты ғылыми тұрғыдан негізделген және мақсатқа сәйкес келетін орынды өзара қатынасын баянды ету;
- басқару қызметінің әр түрлі салаларының байланысын және мемлекеттік органдардың басқа да құқық субъектілерімен өзара әрекеттестігінің (қатынасының) тәртібін белгілеу.

Әкімшілік құқық нормалары мазмұны бойынша:

1. материалдық (қаржылық) нормалар
2. процессуалдық нормалар болып екіге бөлінеді.

Материалдық нормалар – азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін, атқарушы билік органы мен ұйымдарды біріктіретін ережелер.

Процессуалды нормалар – мемлекетпен бекітіліп, санкцияланған материалдық нормаларды жүзеге асыру барысында және мемлекеттік басқару органдарының жаңа нормативті актілерді шығарумен сипатталады.

Процессуалды нормалардың материалдық нормалардан айырмашылығы: а) өзінің тағайындалуымен, яғни материалдық нормалар субъектілерінің әкімшілік құқықтық мәртебесін тағайындаса. ал процессуалдық нормалар олардың орындалуы мен міндеттелуін заңды түрде жүзеге асырады;

б) талап ету, яғни процессуалды нормалар, ең алдымен материалдық нормалардың орындалуын талап етеді;

в) іске асыру, яғни әкімшілік құқықтық материалдық нормалардың қабылдануын, олардың жүзеге асырылуын талап ету арқылы іске асыру.

Әкімшілік құқықтық қатынастар
дегеніміз — бұл мемлекеттік басқару саласында қоғамдық қатынастарды әкімшілік құқық нормаларымен реттеу.

Әкімшілік-құқықтық қатынастарға, ең алдымен, олардың айрықша билігі табиғатынан тұратын ерекшеліктері өзіне тән болып келеді. Бұл құқықтық қатынастар өзінің мәні жөнінен өкімет пен бағыныштылардың қатынастарында құралған билік қатынастар болып табылады.

Әкімшілік құқықтық қатынас субъектілері: ҚР азаматы, шетел азаматы, азаматтығы жоқ тұлғалар; мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, мемлекеттік қызметшілер мен қоғамдық ұйымдар қызметшілері.

Әкімшілік құқықтық қатынас объектісі: әкімшілік құқықтық қатынас бағытталған мақсаты оның мазмұнын құрайды, сол бағытталған мақсатқа жету барысында құқықтық қатынастар туындайды.

Заңды фактілер - әкімшілік құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін мән-жайлар.

Заңды фактілер 2 түрге бөлінеді:
оқиға және іс-әрекет. Оқиға адамдардың еркінен тыс болатын мән-жайлар.

Әкімшілік құқықтық қатынастар байланысы сипаты бойынша - тік және көлбеу болып бөлінеді.

Мазмұны бойынша - материалдық және процессуалдық болып бөлінеді.

Құқықтың функциялары бойынша – реттейтін және қорғайтын.

Заңды фактілерінің сипаты бойынша – заңды іс-әрекеттер туғызатын, заңсыз іс-әрекеттер туғызатын, оқиғалар туғызатын болып бөлінеді.

Қорғау тәсілі бойынша - әкімшілік тәртіппен қорғалатын, сот тәртібімен қорғалатын болып бөлінеді.

Азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесі дегеніміз – азаматтардың әкімшілік құқық нормаларымен бекітілген субъективтік құқықтарының, заңды міндеттерінің және жауаптылығының жиынтығы.

Азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесі азаматтардың әкімшілік құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінен, олардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерінен тұрады.

Азаматтардың әкімшілік әрекет қабілеттілігі – азаматтың құқығымен берілген өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға, өзінің жүріс-тұрысына заңды жауапты болуға және белгіленген міндеттерді орындауға бейімделген қабілеті. Әрекет қабілеттілік толық (18 жастан), шектеулі (16 жастан) және ішінара (7 жастан) боп бөлінеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз – жалпыға міндетті әкімшілік құқықтық нормаларды бұзғандығы үшін әкімшілік жауаптылық пен жазаға тартылатын заңға қайшы, қоғамға қауіпті кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік

Әрекет дегеніміз – белсенді түрде заң талаптарын, міндеттерін орындамау және тиым салынған әрекеттерді жасау.

Әрекетсіздік дегеніміз - өзіне жүктелген міндеттерді орындамау (енжар түрде).

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері:

-) құқыққа қайшылығы.
-) кінәлілігі.
-) көп тарағандығы.
-) әкімшілік жазаланатындығы.
-) қоғамға қауіптілігі.

Құқыққа қайшылығы – құқық нормаларын бұзатын әрекетті жасаудан тұрады.

Кез-келген әрекеттің кінәлілігі, оның қасақана немесе абайсызда жасалғандығын білдіреді. Кінәнің болуы - әкімшілік құқық бұзушылықтың міндетті белгісі.

Әкімшілік құқық бұзушылық әкімшілік жауаптылықтың фактілік негізі болып есептеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамы дегеніміз – қоғамға қауіпті әрекеті үшін әкімшілік жауаптылыққа тартуға толық негіз беретін белгілердің жиынтығы.

Құқық бұзушылықтың құрамы мына 4 элементтен тұрады:

- 1) Объект
- 2) Объективтік жағы
- 3) Субъект
- 4) Субъективтік жағы.

Объект – топтық, жалпы, тікелей, түрлік болып бөлінеді. Объективтік жағы - әкімшілік құқық бұзушылықтың сыртқы жағын сипаттайды.

Субъектісі – 16-жасқа толған, есі дұрыс, кінәлі адам, арнаулы субъект болуы да мүмкін. Субъективтік жағы – қасақана немесе абайсызда болуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамы толық болғанда ғана, оны жасаған адам әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босату негіздері көрсетілген.

Бұл негіздерге – құқық бұзушының жеке тұлғасы, құқық бұзушылықтың сипаты мысал болалады. Мұнда жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар, құқық бұзушылық кінәсінің деңгейі, оның мүліктік жағдайы, шын жүректен өкінуі, зиянды зардаптарын жоюы және тағы басқа ескеріледі.

Әкімшілік жаза – ол әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттің уәкілетті органы (судья, ІІМ, т.б.) қолданатын мемлекеттік мәжбүр ету шарасы.

Әкімшілік жаза құқық бұзушылық немесе келеңсіз салдарлары үшін – құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу қою.

Әкімшілік жаза түрлеріне ӘҚБ Кодексінің 45-бабында белгіленген ескерту, айыппұл, арнайы құқығынан айыру т.б. жатады.